

Үндістаннан шыққан және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін графиттелген электродтарға қатысты демпингке қарсы шараның қолданысын ұзарту және Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі № 102 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 34 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың 109-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссияның ішкі нарықты қорғау Департаментінің өтуіне байланысты жүргізілген демпингке қарсы қайта тергеп-тексеру нәтижелері бойынша дайындалған баяндамасының негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 156 шешімімен белгіленген демпингке қарсы шараның қолданылу мерзімі бойынша, Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. "Үндістаннан шығатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін Графиттелген электродтарға қатысты демпингке қарсы шараның қолданылуын ұзарту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 156 шешімімен белгіленген демпингке қарсы шараның қолданылуын қоса алғанда, 2029 жылғы 31 наурызға дейін ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 156 шешімімен көзделген мөлшерде демпингке қарсы баждарды өндіріп алуды қамтамасыз етсін;

алдын-ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі № 102 шешіміне сәйкес төленген (өндіріп алынған) демпингке қарсы баж сомаларын демпингке қарсы бажға есепке жатқызуды және ол төленген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотына есепке жатқызуды жүзеге асыруды қамтамасыз ету (өндіріп алынды).

3. "Үндістаннан шығатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін графиттелген электродтарға қатысты демпингке қарсы шараның қолданылуын ұзарту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 18 шілдедегі № 102 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК